

«Баршаға қолжетімді әлем!»

2026 жылғы 2 сәуірде №72 мектеп-лицейінде Дүниежүзілік аутизм туралы ақпарат тарату күніне орай мерекелік концерт өтті. Іс-шараны мектептің педагог-ассистенттері, оқу және тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлар ұйымдастырды.

Концертке 1–5 сыныптардың ерекше білім беруді қажет ететін оқушылары сыныптастарымен бірге қатысып, өнер көрсетті. Бағдарлама аясында әлем халықтарының билері ұсынылып, домбыра мен фортепианода музыкалық шығармалар орындалды, әндер шырқалды, психологиялық сергіту жаттығулары мен флешмоб ұйымдастырылды.

Мерекенің көркі «Теремок» атты театрландырылған қойылым болды. Онда балалар өлең оқу және актерлік шеберлік қабілеттерін көрсетті.

Шара барысында инклюзивті білім беру үйлестірушісі Воротникова Е.С. оқушылармен аутизм спектріндегі балаларды қабылдау тақырыбында интерактив өткізді.

Концерт соңында мектеп директоры Дюсенова А.Ж. іс-шараны қорытындылап, аутизмі бар адамдардың ерекше қабілеттерге ие болуы мүмкін екенін, алайда қоғамда түсіністіктің жетіспеуінен түрлі кедергілерге жиі тап болатынын атап өтті. Сондықтан оларға түсіністік, қолдау және қабылдау аса маңызды екендігі айтылды.

Концертке қатысқан барлық оқушылар белсенділіктері үшін алғыс хаттармен марапатталды.







